

10 тақырып. Қазақстан әлемдік кеңістікте.

Қазақстан әлемдік кеңістікте

2012 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында республикамыздың 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөнінде жаңа стратегиялық мақсат қойылды. «Қазақстан-2050» стратегиясының негізгі бағдары елді жаңғырту тақырыбы болды.

Қазіргі заманғы кезеңде сарапшылар жаңғыртудың екі кезеңін бөліп көрсетеді: бастапқы жаңғырту немесе экономиканың аграрлық түрінен өнеркәсіптік түріне ауысу кезеңі және ғылымды көп қажет ететін экономиканы құруға байланысты қайта жаңғырту.

«Қазақстан-2030» даму стратегиясын іске асыру Қазақстанға негізінен бастапқы жаңғырту қабылданғаннан кейін 15 жылдан соң оны аяқтауға мүмкіндік береді.

Дамыған елдер бастапқы жаңғыртуды аяқтап, ХХ ғасырдың 60-шы жылдарының өзінде-ақ қайта жаңғырту кезеңіне өтті. Осыған байланысты әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру жөніндегі мақсатқа қол жеткізу аса күрделі міндет болып отыр. Өткен ғасырда оған тек үш ел – Жапония, Финляндия, Сингапур және таяуда ғана – Оңтүстік Корея қол жеткізді.

ХХІ ғасырда еларалық бәсекелестіктің күшеюі салдарынан дамушы елдердің мүмкіндіктері шектеулі болады. Кез келген ел әлемдік көшбасшыға айнала алмайды. Дамыған елдер тобына кіру үшін Қазақстан дамуда серпіліс жасауы тиіс. Қайта жаңғыртуға кезең-кезеңімен өту және ғылымды көп қажет ететін экономиканы құру моделін қалыптастыру қажет.

Ұзақ мерзімді даму моделі әлемдік үрдістерді, ұлттық дамудың түйінді басымдықтарын ескеріп, Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық жаңғырту -дың 2050 жылға дейінгі стратегияларының нұсқаларын ұсынуы тиіс.

Мәтінге тапсырма:

1-тапсырма. Мәтінді оқып, әр абзацқа жоспар құрыңыз.

2-тапсырма. Мәтіннен етісті теріп жазып, етіс түрін ажыратыңыз.

3-тапсырма. *Сарапшы, жаңғырту, үрдістер, стратегиялық нұсқалар, бәсекелестік, дамыған елдер, кезең-кезеңімен, көшбасшы* курсивпен берілген сөздерді аударып, сөйлем құрастырыңыз.

4-тапсырма. Мәтіннен тұйық етістік арқылы жасалған сөйлемді теріп жазыңыз.

5-тапсырма. Мәтіннен өткен шақта тұрған етістіктерді теріп жазып, түрлерін ажыратыңыз.